

БББ мақсаты Еңбек нарығының талаптарына және жол жүрісі қауіпсіздігін ұйымдастыру және басқару саласындағы кәсіби стандарттарға сәйкес келетін Елдің көлік-коммуникациялық кешені үшін жоғары білікті құзыретті мамандарды даярлау.

БББ міндеттері

- қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау;
- өмір бойына үздіксіз білім алуға мүмкіндік беретін, жол қозғалысын ұйымдастыру және көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін бакалаврдың базалық дайындығын қамтамасыз ету;
- дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейіне, сауатты және дамыған сөйлеу шеберлігіне, ойлау мәдениеті мен ғылыми еңбекті көлік саласында ұйымдастыруға дағдылану үшін жағдай жасау;
- мамандық бойынша жұмысқа орналасу немесе магистратурада оқуын жалғастыру үшін зияткерлік, физикалық, рухани және эстетикалық дамуына жағдай жасау.

БББ үйлесімділігі

- Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;
- 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;
- Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);
- Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).

БББ кәсіби саламен байланысы

БҚШД 2018. 2018 жылғы 9 сәуірдегі Редакция. РФ Еңбек министрлігінің кәсіби стандарттары.
Жол қозғалысы қауіпсіздігі маманының кәсіби стандарты. Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі 23.03.2015 № 187н.

Берілетін дәреженің атауы

Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6В11310 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысты мен тасымалдауды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры дәрежесі беріледі.

Біліктілік пен лауазымдар тізімі

Жол полициясы бөлімінің бас маманы, жол полициясы бөлімінің жетекші маманы, жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі инженер, жол полициясының инспекторы, жол полициясының аға инспекторы, техникалық бақылау бөлімінің бастығы, оқытушы.

Кәсіби қызмет саласы

– жол қозғалысын ұйымдастыруға, көлік құралдарының қозғалысын модельдеуге және жобалауға байланысты көлік қызметтері;
– білім беру саласы (лицейлер, колледждер, жоғары оқу орындары).

Кәсіби қызмет нысандары

Көлік және оның қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдар мемлекеттік, өңірлік және жергілікті деңгейде басқару, Жол қозғалысы қауіпсіздігін мемлекеттік инспекциялау қызметі, автожолды қадағалау қызметі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзара қатынастар жүйесін ұйымдастыру көліктегі қозғалыстар, жол қозғалысын ұйымдастыру, лицейлер, колледждер.

Кәсіби қызмет пәні

- жол магистральдық желісінің техникалық құрылғылары мен құрылыстары;
- кәсіпорындар мен ұйымдар - көлік қызметін пайдаланушылар;
- көлікті басқару жүйесін қайта құрылымдауды ескере отырып, тасымалдау процесінің логистикалық схемалары;
- оқу-білім беру процесі.

Кәсіби қызмет түрлері

- өндірістік-технологиялық;
- пайдалану;
- есептеу-жобалау;
- бақылау-ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық